

# «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы

## «Жапырақ тамырдан нәр алады»

зияткерлік ойын



Ересек «Балақай» ересек «Айгөлек» топтары

Жауапты: Нагиева Г.К.  
Өткізген: Абенова А.Р.  
Боранбаева С.С.

Желтоқсан, 2025 жыл

# «Жапырақ тамырдан нәр алады»

## Зияткерлік ойын

Қайырлы күн, Құрметті ата - аналар, қонақтар!

Бүгінгі ересек «Айгөлек» пен ересек «Балақай» топтарының «Жапырақ тамырдан нәр алады» атты ата - аналар мен балалар арасындағы зияткерлік ойынға қош келдіңіздер! Ойынға қатысушы ата - аналарды ортаға шақырайық.


Ойынның мақсаты: отбасы құндылығы туралы түсініктерді, ұғымдарды кеңейту, отбасын сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесінде халық педагогикасының жүйелері, яғни жүрек пен ақыл, салт – сана тәрбиесі арқылы тәрбиелеудің маңызын ашып көрсету. Ата – ана мен балалар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бірлесіп жұмыс жасауды арттыру.

Аналар бар өнерін салары анық,  
Өнегелі тәлімді алған қанып.  
Ал ендеше таныстырып өтейін мен  
Бөлімдерін ойынның бөліп жарып.



### 1. «Өнерлі өрге жүзеді»

«Ата», «әже», «әке», «ана», «ер бала», «қыз бала» туралы әндерді айтып беруге, бір сөзді қағаз астына жасыру. Қандай сөз шығады, сол сөзді қатыстырып ән айтып беру керек. (30 сек. уақыт беріледі)



## 2. «Сұрақ - жауап».

Өзінің алғырлығын ұғындырып,  
Көрсетер көп іздеген мығымдылық  
Келесі бұл ойынның жоспарында

Түседі бәйгеге білімділік - деп сайысымыздың «Сұрақ - жауап» кезегін бастайық.

Отбасына қатысты, ер бала мен қыз бала тәрбиесіне қатысты ырым – тыйым сөздер айту.

Мысалы:

«Үлкеннің алдын кеспе»

Бұл тыйым сөздің екі себебі бар. Біріншісі мәдениеттілікке тәрбиелейді, үлкенді сыйлауға үйретеді. Екіншісі жолын кескен адамның жолы болмауы мүмкін деп жатады.


«Үйге қарай жүгірме»

Жаман оқиға туралы хабар айтады деп түсіндірілген.

«Бетіңді баспа»

Жаманшылық шақыру деп түсіндіріледі.

«Суға түкірме» «Адамды айнала жүгірме» «Тізеңді күшпақтама»



### «Жеті атаны» атап беріңіз

Бала  
Әке  
Ата  
Арғы ата  
Баба  
Түп атат  
Тек ата

### «Жеті ұрпақты» атап беріңіз

Бала  
Немере  
Шөбере  
Шөпшек  
Немене  
Туажат  
Жүрежат

## 3. «Шебер қолдар»

Бұл бөлімде ата - аналар ұжымдық жұмыс жасайды. Әрбір топ өз өнерлерін ортаға салады. (Алдарына түрлі – түсті қағаздар, желім, майлы бояу, түрлі - түсті қарындаш және ермексаз, қайшы т.б. қойылады)



#### 4. «Мақал – мәтел жасыру».

Қолдарына берілген 3 – 3 мақал – мәтелдерді сурет бойынша жасырып, мақал – мәтелді табу керек. (Үй тапсырмасы)





Біздің алдымызда тамыры тереңге жайылған үлкен ағаш ол сіздерсіздер, сіздердің алдарыңыздағы жапырақ балаларыңыз, енді осы жапыраққа өзіңіздің балаңызға немесе отбасыңызға жылы тілектеріңізді жазасыз.

Тамырларыңыз тереңге жайылып, жапырақтарыңыз жайқалып, саялы бәйтерекке айналыңыздар.

Күніміз ашық болсын,  
Түніміз тыныш болсын,  
Ауамыз таза болсын,  
Суымыз мөлдір болсын,

Ұл – қызымыз аман болсын! деп ойынды Сухомлинскийдің сөзімен аяқтағым келеді.  
«Тек қана ата – аналармен бірге, жалпы күш – жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін»

**ӘНМЕН** аяқтау.

